

Р.Б. Ермаханова¹, **З.О. Дүкенбаева²**

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің докторанты,
Астана қ., Қазақстан,

E-mail: yermahanova.raya@mail.ru

²Т.ғ.д., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің профессоры,
Астана қ., Қазақстан, E-mail: dukenbaevazo@mail.ru

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ ДАМУЫНДАҒЫ ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа

Бұл мақалада белгілі жазушы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның тұлға ретінде қалыптасуы, қоғамдық қызметі мен жазушылық шығармаларына талдау жасау арқылы зерттелінеді. Мақаланың мақсаты Ш. Мұртазаның өмір сүрген және қызмет еткен кезеңін кеңестік дәуір мен еліміз тәуелсіздік алуымен біртұтас қарастырып сол арқылы оның тұлғасын жан-жақты тереңірек таныту. Мақалада дереккөздер ретінде Түркістан облыстық қоғамдық саяси тарихи архивінің материалдары, Ресей Федерациясы Орталық мемлекеттік архиві материалдары және Шерхан Мұртазаның Жеке архивінен алынған материалдар негізге алынған. Мақаланы жазу барысында жүйелеу, сыни-талдау, баға беру, салыстырмалы-тарихи, логикалық талдау әдістері қолданылды. Ш. Мұртаза Кеңестік және Тәуелсіз Қазақстан сынды екі дәуірдің де куәгері ғана емес тікелей қоғамдық қызметімен де, шығармашылық еңбегімен атсалысқан тұлға, осы қос дәуірдің өкілі. Осыған орай Ш. Мұртазаның қоғамдық қызметіне әсіресе оның депутат кезеңіндегі қызметіне, мемлекетіміз алғаш тәуелсіздік алған тұстағы еліміздің мүддесі үшін жасаған күрескерлік қызметіне кеңірек тоқталуды қажет етеді. Өтпелі кезеңнің қоғамдық ортасындағы қарама-қайшылықтар Ш. Мұртазаның күрескер ретінде тұлғасын шындай түскен. Сонымен қатар Ш. Мұртаза ең алдымен көрнекті қазақ әдебиетінің өкілі жазушы болғандықтан оның кейбір шығармаларына оның тұлғасын жан-жақты ашу үшін талдаулар жасалынды. Мақалада Ш. Мұртазаның басшы ретінде әдеби қызметіндегі бүтін бір журналистік мектеп қалыптастырған ұйымдастырушылық қабілетіне де баға берілді. Сондай-ақ Ш. Мұртазаның Тұрар Рысқұловты халқымызға танытудағы орасан зор шығармашылық еңбегіне де шолу жасалынды. Мақалада Ш. Мұртаза тұлғасын кең көлемде жан-жақты аша отырып Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі өзгерістерге қоғам қайраткері әрі жазушы ретінде қосқан орасан зор үлесі сараланып, оның күрескерлік тұлғасы айқындалды.

Кілт сөздер: әдеби, шығарма, депутат, тұлға, мақала, тарих, саясат, туған жер, рухы, шыншылдық, батылдық.

Р.Б. Ермаханова¹, **З.О. Дүкенбаева²**

¹ Докторант Евразийского Национального Университета им.Л.Н.Гумилева,
г. Астана, Казахстан

E-mail: yermahanova.raya@mail.ru

² Д.и.н., профессор Евразийского Национального Университета им. Л.Н. Гумилева,
г. Астана, Казахстан

E-mail: dukenbaevazo@mail.ru

ТВОРЧЕСКАЯ И ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ШЕРХАНА МУРТАЗЫ В ИСТОРИЧЕСКОМ РАЗВИТИИ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В данной статье исследуется становление и общественная деятельность известного писателя, общественного деятеля Шерхана Муртазы как личности. А также анализируется

некоторые письменные произведения Ш. Муртазы. Цели статьи состоит в том, чтобы целостно рассмотреть период жизни и деятельности Ш. Муртазы с обретением независимости нашей страной и в целом углубить его личность. За основу статьи взяты материалы Туркестанского областного общественно-политического исторического архива, материалы Центрального государственного архива Российской Федерации и материалы личного архива Шерхана Муртазы. В ходе написания статьи были использованы методы систематизации, критического анализа, оценки, сравнительно-исторического, логического анализа. Ш. Муртаза является не только свидетелем обеих эпох советского и независимого Казахстана, но и человеком, активно участвовавшим в творческой деятельности как представитель этой двойной эпохи. В этой связи общественному служению Ш. Муртазы необходимо уделить более широкое внимание, особенно в период его депутатской деятельности, в интересах нашей страны, когда наша страна впервые обрела независимость. Контрасты переходного периода в обществе и окружающей его среде, связанные с Муртазой, укрепили личность Ш. Муртазы как борца. Кроме того, поскольку Ш. Муртаза был прежде всего выдающимся писателем-представителем казахской литературы, некоторые его произведения были проанализированы для всестороннего раскрытия его творчества. В статье дана оценка организаторским способностям Ш. Муртазы в литературной деятельности как руководителя, сформированного единой журналистской школой. Также был проведен обзор огромного творческого труда Ш. Муртазы в представлении Тураара Рыскулова нашему народу. В статье был проанализирован огромный вклад в общественно-политическую жизнь независимого Казахстана Ш. Муртазы, как общественного деятеля и писателя. Всесторонним широким раскрытием, определена его борцовская личность.

Ключевые слова: литература, произведение, депутат, личность, статья, история, политика, Родина, дух, правдивость, смелость

R.B. Ermakhanova¹, Z.O. Dukenbayeva²

¹ PhD student of the Eurasian National University named after L.N.Gumilyev, Astana, Kazakhstan

E-mail: yermahanova.raya@mail.ru

²D.h.s., professor of the Eurasian National University named after L.N.Gumilyev, Astana, Kazakhstan

E-mail: dukenbaevazo@mail.ru

CREATIVE AND SOCIO-POLITICAL ACTIVITY OF SHERKHAN MURTAZA IN THE HISTORICAL DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN

Abstract

This article examines the formation and social activities of the famous writer, public figure Sherkhan Murtaza as a person and analyzes some of his works. Goals and objectives consider the period of life and activity of Sh. Murtaza as a whole in the Soviet era and the country's independence, thereby comprehensively revealing his personality. The articles are based on the materials of the Turkestan regional socio-political historical archive, materials of the Central State Archive of the Russian Federation and materials from the personal archive of Sherkhan Murtaza. During the writing of the article, methods of systematization, critical analysis, evaluation, comparative-historical, logical analysis were used, *the results* of which Sh. Murtaza is not only a witness of both eras of Soviet and independent Kazakhstan, but also a person who participated in creative work in social activities. representative of this double era. In this regard, it is necessary to focus more on the public activities of Sh. Murtaza, especially his activities during the period of the oin Deputy, his fighting activities in the interests of our country when the country first gained independence. The contradictions of the transition period in society and in his environment, which led to relations with Murtaza, strengthened the personality of Sh. Murtaza as a fighter. At the same time, as sh. Murtaza is primarily a representative of the outstanding Kazakh literature, an analysis

of some of his works was carried out to reveal his personality. The article also assessed the organizational skills of Sh. Murtaza in his literary activity as a leader, formed by a whole journalistic school. In addition, a review was made of the great creative work of Sh. Murtaza in promoting Turar Ryskulov to our people. The final article revealed a huge contribution to the changes in the socio-political life of independent Kazakhstan as a public figure and writer, revealing the personality of Sh. Murtaza in a wide variety of ways.

Keywords: literature, work, deputy, personality, article, history, politics, homeland, spirit, truthfulness, courage

Кіріспе. Тарихи оқиғалар алдын-ала анықталған нәрсе емес – бұған болашақтың көптеген баламалары бар. Сонымен бірге болашақ тек ірі саяси күштердің қызметінің нәтижесінде өзгеруге қабілетті, бірақ тіпті жекелеген топтар мен олардың басшылары сондай-ақ, әр түрлі адамдардың іс-әрекеттеріне тікелей байланысты, мысалы ғалымдардың, жазушылардың. Демек, жеке тұлғаның тарихтағы рөлі проблемасы- әрбір ұрпақ үшін әрқашан өзекті болып қала береді. Американдық философ Сидни Хук ұлы адамдардың ықпал ету күшін және бұл ықпалды тежейтін кейбір факторларды қарастырады. Хук «тұлғаның қызметі шын мәнінде де ортаның жағдайымен шектеледі, екінші жағынан тұлғаның қоғамдағы рөлі баламалы таңдау болған сәтте тәуелсіз күшке айналады» деп атап көрсетеді. Мұндай жағдайда тұлғаның сапалық деңгейіне альтернативті таңдау да тәуелді болмақ [1]. Жеке тұлғалардың қоғамның тұрақтылығына әсер ету күшіндегі айырмашылықтарды А. Лабриола [2], Дж. Неру [3], А.Я.Гуревич [4] және басқа да шет елдік ғалымдардың теориялық ой-пікірлерінен байқауға болады. Тұлғаның қоғамдағы ролін айқындауда отандық тұлғатанушы ғалымдарының бір топ шоғырын атап өтуге болады соның бірі Академик М.Х. Асылбек. Оның көптеген ірі тұлғалар туралы жазған зерттеулері, эсселері, естеліктері бар. Көрнекті мемлекет қайраткерлері Тұрар Рысқұлов және Мұхамеджан Тынышбаев, «Алаш» қозғалысының лидері Әлихан Бөкейханов, атақты ғалымдар, оның ішінде белгілі тарихшылар туралы өзінің ой-пікірін айтып, сыр шертеді [5]. XX ғасырдың басында Қазақстанның ұлттық интеллигенциясының өкілдерін тұлғалық тұрғыда зерттеп қарастырған. Сонымен қатар белгілі тарихшы М. Қойгелдиевтің де тұлғатанудағы Алаш қозғалысының мүшелерін терең зерттеу нысанына айналдырып жан-жақты қарастырған еңбектерін атауға болады [6]. Сондай-ақ бұл бағытта жаңа ізденістермен белгілі болған тарихшы Тұрсын Хазіреттің де еңбегі зор. Тұлғатану ғылымында Абайтану, Бауыржантану сынды тұлғалық зерттеу бағыттарын негіздеген Мекемтас Мырзахметовтың еңбектері де атап өтуге тұрады.

Ғылымның дамуына білімін, күшін арнаған тұлғалар өмірін зерттеу арқылы белгілі бір кезеңнің тарихының кемшін тұстарын толықтыруға мүмкіндік береді. Ұлттық бірегейлікті қалыптастыру, ұлттық идеяны дамыту, жаңа Қазақстанды құру қазақ халқының тарихи тәжірибесі мен мәдени мұрасын зерттемейінше мүмкін емес. Бұл бай мұраны зерттеуде Ш. Мұртазаның еңбектерінің қосар үлесі зор [7].

Қазақтың көрнекті тұлғалары халық өмірі мен уақыт тынысын, заман шындығы мен қоғамның дамуын жан-жақты талдап, өмірдің қайшылықтарын шынайы өрнектеумен еліміздің тәуелсіздігін тұғырландыруға ерекше ықпал етіп келеді. Шерхан Мұртаза Қазақстан тәуелсіздігі тұғырының берік болуына қаламымен де, қайратымен де атсалысқан танымал тұлғалардың бірі.

Шерхан Мұртаза – ұлтымыздың рухани дамуына, тарихи-әдеби шығармалардың өркендеуіне өміршен еңбектерімен үлес қосқан көрнекті халық жазушысы. Қазақ қоғамының өзекті мәселелеріне қажымай-талмай үн қосып әдеби талантымен, ұйымдастырушылық қабілетімен белгілі болған тұлғалардың бірі - Шерхан Мұртаза. Шерхан Мұртаза қазақ халқы үшін зұлматқа толы өткен ғасырдың 30 жылдарында Оңтүстік Қазақстанның Түлкібас ауданында дүниеге келді. Бұл бір Сталиндік репрессияның құрығына талай азаматтардың ілінініп жер аударылып, не атылып жатқан қасіретті кезең болатын. Мысалы осы кезеңдердегі архив құжаттарынан мынадай жолдарды жиі

кездестіруге болады: «Балпықов байдың ұлдары-Сағатбек пен Абдурахманбек, Бадам ауданы 9 ауылы ақсақалы Шыналиев Балабай, және Қызылқұм ауданының 15 ауылының Балапанов Баймұхамед екінші топпен жер аударылуға жатады, Түлкібас ауданынан Шаріпбеков Жорабек және Күзембаев Режеп Бадам ауданынан ГПУ тарапынан жауапқа тартылып қамауға алынып олардың жанұялары жер аударылған» [8].

Мұндай тағдыр Шерхан Мұртазаның жанұясында да орын алып әкесі Мұртаза 1937 жылы бір түнде тұтқындалып, сонау Сібірге жер аударылып сонда жүріп қаза болған [9]. Сталиндік зұлматтың қолынан қаза болмаған аз ғана ғұмырында әкесі Мұртазаның бала Шерханың елдің-жердің тарихын, тарихи тұлғаларын танып білуі мен тарихи көзқарасының қалыптасуында ролі ерекше болған. Кеңестік дәуірде аты аталмайтын, тарих бетінде әлі мәлімет жоқ Абылай турасыда Бөгенбай батырдың ерлік істері турасында ол әкесі Мұртазаның кешқұрым үйіне жиналған көзі ашық жандардың Батырлар жырын оқып оларға қосылып өзі де оқып танысқанын жазады. Бұл турасында ол өзінің «Ай мен Айша» атты роман-эссесінде кең суреттеген [10].

Материалдар мен әдістер Шерхан Мұртазаның өмірін, қоғамдық саяси және шығармашылық жолының тарихын зерттеу барысында біз осы бағыттағы бірқатар зерттеу жұмыстарына шолу жасап өттік. Атап айтар болсақ Американдық философ Сидни Хуктың тұлғатану туралы пікірлері мен белгілі қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтановтың, «Тәуелсіздік толғамдары» атты мақалалары мен зерттеу еңбегінде Ш. Мұртазаға берген сипаттамасымен таныстық. Ш. Мұртазаның төл туындыныларына «Қызыл Жебе», «Бірі кем дүние», «Соғыстың соңғы жесірі», «Ай мен Айша» атты шығармалары мен «Сталинге хат» пьесасына тарихилық тұрғысынан талдау жасалынды. Сондай-ақ Әлихан Бөкейхановтың Шығармаларындағы салыстырмалы тұжырымдарды Шерхан Мұртазаның пікірлерімен салыстыра зерттедік, сондай ақ Н. Омашевтің редакциялауымен шығарылған «Қазақ журналистикасы» атты еңбекті Шерхан Мұртазаның журналистік қырын ашып көрсетуде, Б.Қыздарбековтің Қазақстанның қазіргі заман тарихы Кеңес дәуірі 1917-1991жж Оқулығын Мұртаза Шығармаларының сол дәуірдегі қоғамға қандай деңгейде әскер еткенін таныту мақсатында пайдаландық. Сонымен қатар Түркістан облыстық қоғамдық саяси тарихи архивінің материалдары, Ресей Федерациясы Орталық мемлекеттік архиві және Новосибирск архив материалдары, ҚР Партия архиві материалдары және Шерхан Мұртазаның Жеке архивінен алынған материалдар мақаланы жазуда дерекөз ретінде ұсынылды. Мақаланы жазуда автор тарихтың өткендегісін сараптайтын жалпы ғылыми әдісті, логикалық әдісті, сол сияқты деректерді сараптау және жүйелеу, тарихилық әдісін пайдаланды.

Талқылау. Тұлға қалыптасу үшін қоршаған ортаның ықпалы, генетикалық фактор және алған тәлім тәрбиесі сынды үш фактордың жас балаға қатар жасалатын ықпалы керек. Шерхан Мұртазаның тұлға болып қалыптасуында да, өз алған бетінен қайтпайтын қайсар, пікірін ашық тура айта алатын өжет мінезді болып сомдалуында қоршаған ортасы, бала күнінен көріп өскен тағдыр тауқыметі де әсер еткен. Шерханның қара басының ғана күйін күйттемей елдің, қазақ халқының жоғын-жоқтап, мұңын айтқан тұлға болып қалыптасуында туған әкесі Мұртазаның, өзімен бір өңірде туған жерлесі, аңызға айналған батыр қолбасшы Бауыржан Момышұлының, көрнекті қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың әсері мол болды. Шерхан Мұртазаның шығармалары да негізінен қазақ халқының басындағы трагедиялық тағдырларға сай жазылған. Сондай шығармаларының бірі «Соғыстың соңғы жесірі» атты әңгімесі. Әңгіменің басты кейіпкері қарттар үйін паналаған Хадиша есімді кейуана. Хадиша соғысқа кетіп оралмаған жары Мақсұтты күтумен өмірін өткізген жан. Хадишаның көршісі Ольга деген орыс кемпірі. Ол түнде ұйқыларын бөле берген соң басқаларға сыймай осы Хадишамен көрші болған. Ал Хадишаға бәрі – бір ол түнде ұйқтамайды. Хадиша жаны таза махаббатына өмір бойы адал болып өткен соғыс жесірлерінің типтік образы. Туған жері Мыңбұлақта жүргенде ауыл ақсақалдары бұған келіп Мақсұт болса қаза болды. Тірі болса келер еді бірнеше жыл күттің ендігі, дәуренің барда ана қайның Шалабайға тиіп ал -деп келгенде, бұл ауыл ақсақалдарына: «Мақсұттың

өлгенін көздеріңмен көріп пе едіңдер, одан не қара қағаз келген жоқ. Мен ана Шалабай шірікке тиіп алғанда Мақсұт келіп тұрса не бетімді айтам, байсырап тиіп едім деймін бе»-деп қарияларды шығарып салады. Хадишаның тағдыры аса қайғылы жалғыз қызы Жанат ерте қайтыс болады, оның ұлы Арман Хадишаны қолына алып енді өмір қызығын көрсетем деп, бизнеспен айналысып жүргенінде әлдекімдер өлтіріп кетеді. Бүкіл ғұмыры қайғыда, күтумен өткен Хадиша бейнесі рухы асқақ, жаны таза, қазақ әйелінің бейнесі. Ш. Мұртаза осынау Хадиша бейнесі арқылы, қазақ қоғамындағы қасіретті алға тартады. Тағдыр неге кейбір жандарға соншалықты қатал деген сұрақты қояды. Хадиша бейнесі арқылы қарттар үйіндегі жандардың тағдырларына әлеуметтің назарын аударады. Қайғы ұлт тандамайды бір бөлмеде ұлты орыс Ольга мен қазақ әйелі Хадиша көрші тұрып келеді. Олардың ортақ мұны, қайғысы оларды жақындастырған нәрсе [11].

Мұртазаның «Сталинге хат» атты екі бөлімді тарихи пьесасында қазақ халқының басына түскен аса ауыр нәубетті жағдай баяндалады. Мұнда Ф. Голощекиннің Қазақстанды басқау кезіндегі күштеп ұжымдастыру жағдайы, халықтың аштыққа ұрынуы Т. Рысқұловтың Сталинмен диалогы арқылы баяндалады. Аштықтың салдарынан қазақ халқының демографиялық апатты жағдайы Сталинге жазылған хатты оның оқуында көрініс береді «Торғай сияқты аудандарда аштық жайлап індет ауруы тарады. Ит, мысық, суыр тышқан жеп, кісі етін жеп. Тек торғай орталығында 25000 адамның жартысы қара шекпеннен қырылды. Қазақстан Денсаулық Сақтау комиссариаты індет ауруының есебін ала алмай... Ақтөбе облысында 1930 жылы 1,102,500 адам болса, 1932жылы 725800 адам қалды. Қызылордада халықтың 15-20 проценті қалды. Балқаш ауданында 60 мың адамның 12 мыңы қалды. Қарқаралыда 1932 жылдың мамырында 50400 адам бар еді, ал ноябрьде 15.900 адам қалды». Осы пьеса арқылы Голощекин мен Т.Рысқұловтың арасындағы бітіспес жаулық та қарама –қайшылық та анық байқалады. Мұртаза осы пьесаның өзінде-ақ бүкіл халықтың басындағы зұлмат халді жекелеген эпизодтар арқылы Тұрар Рысқұловтың қарындасының бес баласымен аштықтан қашып Мәскеуге Тұрарды іздеп келуі арқылы нақты детальдермен шегелей түседі [11]. Сонымен бірге Тұрардың хаты арқылы Мұртаза қазақтардың республикадан тысқары толасыз кетіп жатқанын жеткізеді. Сталин Тұрар Рысқұловтың Түркісті жыл мерзімінен бұрын салдырған ұйымдастырушылық қабілетін Ш. Мұртазаның шығармасы арқылы мойындайды. Осы пьесада мынадай тарихи шынайылық бар ол «Бесеудің хатына» байланысты Рысқұлов былай дейді: «мысалы, жазушы Ғабит Мүсірепов бастаған бес адам Сізге хат жазған. Бірақ бесеудің біреуі мұны Голощекинге айтып қойып, хат ұсталған. Ал хаттың авторлары жан-жаққа «командировкаға» аттандырылған. Мүсіреповтың өзі қазір Торғайда Батпаққара дейтін жерде жүр. Пьеса да диалогтан соң Сталин сонымен «Ымға түсінбеген дымға түсінбейді. Демек Қазақстанға азық-түлік жеткізу керек. Бүкіл СССР жабылып Қазақстанға азық-түлік бөлісуге шамасы келеді»-дейді. Тағы не керек деген Сталиннің сұрағына Рысқұлов «Миллионға жуық қазақтар Қазақстаннан тыс республикаларға ауды. Соларды жатсынбай жатырқамай ұрмай соқпай үй жай жұмыс тауып беру керек» деп бір- ақ кеседі. Сонымен бірге осы пьесаның қорытындысында Сталин Кагаановичке бұйрық беріп жатады онда «Тез арада Рысқұлов жолдастың ұсыныстары негізге алынсын. Голощекин Москваға тез шақырылсын». Бұл тарихи шынайы фактілерге негізделген пьеса. Мұны мына құжаттардан көруге болады:

РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы С. Н. Сулимовтың мәжіліс отырысында көшпелі казактарды жұмысқа орналастыру мәселесі бойынша Мәскеудегі Запсибкрайсполком өкілінің крайсполком төрағасының орынбасары И. И. Рециковқа ақпараттық хаты Новосибирск қ. 16 сәуір 1933ж.

Жолдас Рысқұлов бұған дейін айтып өткендей, қаржылық және азық-түлік әлеуеті бойынша негізгі көмек тікелей Қазақстанға жіберіледі деп атап көрсетті , мұны қоныс аударған казактардың Орта Еділ, Қырғызстан және Батыс Сібір аумағына қайта оралуына ынталандыру жасау есебімен жүргізіледі деп атап көрсетті. Бірақ сонымен бірге ол партұйым хатшысының мәселесі бойынша "Қазақстанға көшіп келген

қазақтарды қайтаруды ынталандыру керек пе" Қазақстан Орталық Партия Комитетінде-Орталық Комитет осы қазақтардың өздері қоныс аударған жерлерге қоныстануына санкция берді деген болжам бар, ол басқа жерлерге көшіп келген қазақ халқы мен балаларының еңбекке қабілетті бөлігін қазір олардың тілегі бойынша бекітеді, бұл халықтың еңбекке жарамсыз бөлігіне қатысты, Қазақстанға қайтарудың ұйымдастырылған тәртібімен қажет деп санайды. Бұдан әрі Т. Рысқұлов Халық Комиссарларының қазақтарды жұмысқа орналастыру жөніндегі ұсыныстарын жеке ведомстволар (Наркомлес, союзтоф, наркомтяжпром, сүт бірлестігі және т. б.) қалай жүзеге асырып жатқаны туралы мәселеге тоқталып, осы ведомстволардың өте баяу тербеліп жатқаны және осы бағыттағы жұмыстардың нәтижесі мен жұмысы өте елеусіз екендігі туралы өз сөзін қорытындылады

Коммунистік сәлеммен Макаров Запсибкрайисполкомының өкілі [12].

№2159 Оңтүстік Қазақстан облысының аудандарындағы азық-түлік қиындықтары туралы Қазақстан бойынша ОГПУ ПП арнайы мәліметі Алматы қ. 10 сәуір 1933ж.

Жуалы ауданы 1 сәуірде ауданға 560 шаруашылықтың көшпенділері есепке алынды, олардың арасында жергілікті ауылдық кеңестер тарапынан оларды орналастыру бойынша ешқандай жұмыс жүргізілмеді Бурное станциясында Евгеньеве ауылдық кеңесі көшіп келгендердің көп бөлігі станцияны аралап, ашық аспан астында түнейді, бұған ешкім назар аудармайды азық-түлік жоқ-аиштық

Жуалы ауданы 19 ауылдық кеңесі 1800кг тары көшіп келгендерге прод көмегін алды, олардың ішінен 8 пудын байдың ұлы-аудандық Кеңестің хатшысы Мәмбетбаев, колхоз төрағасы Сармырзаев және байдың ұлы бригадир Мулкубаев өзіне алды. Жуалы ауданы Бурное станциясында азық түлік көмегін алмау салдарынан 4 адам ашаршылық туралы қайтыс болды Жуалы ауданы Бауырлас ауылы колхозшы Черкасовпен әңгімелесуде былай дейді: Мен 67 жыл өмір сүрдім және халықты аштыққа ұшыратқан мұндай билік болғанын көрмедім және есімде жоқ Бізде қазір 9 шаруа қожалығы ашаршылыққа ұшырап, бірте-бірте алдын ала нан берді, содан кейін семфондқа қайтарылды, мұндай тәртіппен Кеңес өкіметі социализмге жақында бара алмайды.

БПҰ ПП 2 бөлім уәкілі С.Николаев [13].

Сондай Шерағаның өмір жолында кездескен, оның жігеріне жігер қосқан ұлы тұлғалардың бірі қазақ халқының екі мәрте батыр атағын алған, ержүрек ұлы Талғат Бигелдинов еді. Жеке архивінде сақталған күнделігінде Талғатпен кездесуін Шерхан Мұртаза былай деп жазады «Талғат Бигелдиновпен Кездесу (2 рет Кеңес Одағының Батыры). 1951 жылы наурыз айында КСРО Жоғарғы Кеңесінің екінші сессиясы басталды. Мәскеуге біздің кең Отанымыздың түкпір-түкпірінен депутаттар келді. Менің жерлестерім-қазақтар келді. Мен, студентпін, өз облысымның депутатынан материалдық көмек сұраймын деп үміттеніп, "Еуропа" қонақ үйі орналасқан және біздің депутаттар тұратын алаңға метромен бардым.

Мен комендантқа кірдім, онда сіз қажетті адамның қай бөлмеде екенін біле аласыз, бірақ өкінішке орай Мен өз саламның депутатын білмедім, ал комендант, жас лейтенант тізімдер бойынша іздеуге мәжбүр болды, табу қиынға соқты. Әр түрлі республикалар депутаттарының тегі орналасқан тізім бірнеше рет өзгертілді. Алайда, сол фамилиялардан екі фамилия айқын ерекшеленді – Талғат Бигелдинов, екі рет Кеңес Одағының Батыры, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты және Оңтүстік Қазақстан облысынан Ермеков дегенің фамилиясы. Мен сол адамдардың бірін таңдауым керек болды. Мен Оңтүстік Қазақстан облысынан болғандықтан, менің ісім Ермековке қатысты болса да, оған кіруге батылым жетпеді. Мен Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған батыры Т. Бигелдиновты көргім келді. Мен коменданттан оның мекен-жайын беруін сұрадым. Ең алдымен, ол онымен телефон арқылы сөйлесті». Осыдан соң жас Шерхан Талған Бигелдиновпен кездесіп, әңгімелеседі. Т. Бигелдиновтің жас кезі турасындағы, өз өмірі турасындағы айтқан әңгімелері жас Шерханға үлкен жігер беріп қатты әсер қалдырады. Оның кейінгі тағдыр жолында өшпес із қалдырып, тұлғалық қалыптасуында өзіндік бір өнеге болады.

Сонымен бірге Бауыржан Момышұлын алғаш көруін де Шерхан Мұртаза былай деп еске алады: « Бұл қатал 1943 жыл болды. Бауыржан Момышұлы демалысқа келді. Бүкіл ауыл колхоз басқармасының кеңсесіне жиналып, оны қарсы алды.

Ал қазір Мәскеуде, мен отырған "Еуропа" қонақ үйінде және осыдан тоғыз жыл бұрын фашистер қауіп-қатермен қорқыныш тудырған кезде, мен бұл жерден алыс емес жерде даңқты қолбасшы Бауыржан батальонымен бірге өз Отанын дұшпанға қарсы тұрып, кеудесімен қорғады. Менің көз алдымда биік, сымбатты, үлкен қара, айқын көзді қатал адам пайда болды. Ол шешен сөйледі. Ол сөйлеген кезде, оны адамдар қаншалықты ашкөздікпен және қаншалықты ұйып тыңдағанын әлі ұмытқам жоқ. Тіпті мен он жасар баламын, ол айтқан бірнеше мақал-мәтелдерді түсіндім және мен қазір де осы қымбат сөздерді жиі еске түсіре отырып, студенттік кездің қиын кезеңдерінде шабыт аламын». Шерхан Мұртаза студенттік өмірдің жоқшылығымен күресе жүріп сол кездерде Мәскеуге келген Қазақстан Орталық Комитетінің бірінші Хатшысы Ж. Шаяхметовпен де кездесіп Қазақстан баспаларының бірінен аударма жасау үшін бір шығарма алуына көмектесуін сұрайды [11]. Ия Шерханның өмір жолының өзі-ақ оның күрескер, тұлға болып қалыптасуына жол салып тұрғандай еді. Шерхан Шығармаларының дені еліміздің тарихи жолымен қоса-қабат. Сондықтан Шерхан Мұртаза тұлғасын жан-ақты жазуда оның шығармаларын талдау жасай өтпеу мүмкін емес. Шерхан Мұртаза XX ғасырдың қитұрқылы, қанқұйлы қиянатқа толы 30-жылдарында «Қазағым, халқым» деп басын тіккен ірі мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловты бүгінгі заманның ұрпағына танытуда өшпес қазына асыл мұра боларлық ерен еңбек етіп, ерлік жасады. Тұрартанудың өзекті арнасын салды. Осы жерде айта кететін жайт қазақ қоғамында айтулы орны бар тұлға елге танымал жазушы болғанымен Шерхан Мұртаза қызметінің біртұтас түрде зерттелмеуі. Сондықтан, айтып отырған кемшілікті түзеу үшін осы мақала арқылы үлес қосуға тырыстық

Нәтижелер. Шерхан Мұртазаның ғұмыры тарихи оқиғалар мен қазақ халқының ғана емес тұтас бір Кеңестік империяның кезінде өмір сүрген түрлі халықтардың басынан өткерген нәубетпен тұспа тұс келеді. «Ай мен Айша» атты өмірбаяндық шығармасында ол *«Мыңбұлақтан көшіп Молотов колхозына келгендері онда келсе бұларға дейін мұнда күштеп қарашай, балқар, ингуш халықтарын көшіріп әкелгенін»- жазады [10].* Бұл тарихи оқиғаны Берияның Сталинге мәлімдемесінен көруімізге болады: «1944 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша Қазақ КСР аумағында 12 342 арнайы қоныс аударушы-қарашай отбасы қоныстанды, оларда 45.500 адам, оның ішінде Оңтүстік Қазақстан облысында – 6643 отбасы саны 25216 адам, Жамбыл облысында - 5699 отбасы – 20285 адам. Арнайы қоныс аударушыларға қызмет көрсету үшін 24 арнайы комендатура ұйымдастырылды, оның ішінде Оңтүстік Қазақстан облысында – 13 және Жамбыл облысында – 11. Қазақ және Қырғыз КСР қоныстануының барлық аудандарында НКВД аудандық бөлімшелері мен комендатураларына отбасы мүшелерін іздестіруге және олармен қосылуға қатысты көптеген өтінімдер келіп түседі. Тек Жамбыл облысында 2000-нан астам өтініш келіп түсті. Кейбір елді мекендерде жекелеген адамдар мен жергілікті тұрғындар тарапынан қарашайларға жанашырлық фактілері тіркелген [14]. Ш.Мұртазаның аса ірі көркемдік шеберлікпен жазылған тарихи романы «Қызыл Жебе». Романның басты ерекшелігі оның тарихилығы болып табылады. Шығарманың басты кейіпкері Тұрар Рысқұлов. Шығарма Т. Рысқұлов арқылы Кеңестік кезеңдегі тұтас бір тарихи дәуірдің шындығын ашып көрсетеді. Қазақ халқының ғана емес бүкіл түркі халықтарының мүддесі үшін күрескен ұлы тұлғаның тарихи еңбегін алғаш рет өз шығармасында жан-жақты ашып көрсетеді. 1922 жылы Т. Рысқұлов «Жетісу мәселелері» атты мақала жазады. Бұл мақаласында жер-су реформасының переселен шаруалар мен жергілікті халық арасында саяси теңдіктің орнауына жол ашқандығы туралы айтып, бірақ сонымен қатар оның экономикалық тұрғыдан нәтижесінің мардымсыз болғандығы жөнінде тұжырым жасайды. Ал Тұрар Рысқұловтың ұшан теңіз қоғамдық қызметінің ұлт үшін жасаған бір ғана бөлігін құжаттық негізде белгілі тарихшы М. Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» атты монографиясынан көруге де болады. Онда: «Сөзінің соңында Тұрар Рысқұлұлы Түркістанда жүргізілген жер реформасына байланысты мынадай фактілерді келтіреді: «Түрік республикасында жер

қалай және кімдердің арқасында бөліске түсті? Өлкедегі 941 орыс поселкелері мен станциялары иелігінде 1900 000 десятина немесе барлық жердің 57,6%7 басқаша айтқанда, Түркістандағы әрбір орыс тұрғынға 3,17 десятина игерілген жер тиесілі болса, ал әрбір жергілікті тұрғынға (өзбекке, қырғыз-қазаққа, тәжікке, және түрікменге) 0,21 десятина ғана, яғни орыстармен салыстырғанда 15 есе кем жер үлесі тиесілі болды» [6].

Шерхан Мұртаза әдебиетші ғана емес оның көптеген тарихи ой-тұжырымдарынан тарихи түкпірінен маржандай мысалдарды теріп алып өз тұжырымдарын жасауынан біз оның тарихшыға тән зерттеушілік қабілетін байқаймыз. Соның бір мысалы оның «Бірі кем дүние» атты ой толғамдары. Ш. Мұртаза бұл ой-толғауларының бірінде былай дейді: «Бала кезімде естігенім есімде. Біздің Мыңбұлаққа көршілес, Күркүреу су бойындағы қырғыздарға бара қалсақ: – Иә, хассақ бала – деп қарсы алар еді. Кейін-кейін, жол түсіп Моңғолияға барғанымызда: – Хассақтар келді! – деп құшақтасты. Ал біздің тарихшылар, оқымыстылар әлі күнге дейін “қазақ” деген сөздің төркінін дөп басып айта алмай, әр саққа жүгіртеді. Ау, сонда бізді бір заманда “сақтар” “сақ” дегені рас қой. Ал енді “хас” деген сөздің мағынасы “нағыз”, “анық”, “шын” дегенге саяды. “Сақ” сөзімен біріксе – хас+сақ! Мына бізбен ежелден аралас-құралас қырғыздар, моңғолдағы дүрбіт, ұрыңқай, халха, ойрат, бұйрат, маңғыттар бізді “хассақ” десе, солар өтірік айтпайтын шығар. Ақиқатын бір Алла біледі. Әйтпесе де ежелгі көршілер бекер сөйлемес» [15].

Мінеки шын мәнінде қазақ сөзінің шығу этнономі турасында біздің тарихшылар, түрлі болжамдар айтып жүр, ал Ш. Мұртаза қысқада қисынды ой топшылауын жасайды... Ия Шерханның өмір жолының өзі-ақ оның күрескер, тұлға болып қалыптасауына жол салып тұрғандай еді. Шерхан Мұртаза қазақ халқының өсуін көрші елдер сынды демографиялық тұрғыда жетістікке жетуін аңсаған тұлға, оны да осы «Бірі кем дүние» атты ой толғамдарында жазады: «Ал енді азды көп қылу... Біз, қазақтар, әлі азбыз. Көбейетін ретіміз бар ма? Ауыл да ақырзаман амалын үйреніп алды. Баланы құрсағында жатқанда құртады. Абортка тыйым салатын заң керек. Ол да адам өлтірумен бірдей. Жазасын алсын! Ертеректе бойдақ салық деген болушы еді... Қазір жоқ білем. Бірақ бойдақтың да бойдағы бар. Әуелі себебін анықта. Азды көп қылудың амалы: әуелі халыққа жағдай жаса. Көп жастар үйсіз-күйсіз. Көп балалыны барынша көтермеле. Он бала, одан да көп табатындар бұрын көп еді. Заман өзгерді, өмір өзгерді. Халықтың басынан неше алуан зұлматтар өтті.

Көп қырғыншылық, ашаршылық, геноцидтер болды. Дәл қазір бейбітшілік, біршама түзік заманда, дана халық болсаң көбеюге тырыс. Кім біледі, алдымызда әлдеқандай заман бар» [15]. Ия шын мәнінде біздің халқымыз өзінің тарихында не көрмеген десеңізші. Жоңғардың ғасырлар бойғы тынымсыз шапқыншылығы, Монғол-татар жаулаушылығы, Қоқан хандығының озбырлығы, соңында Патшалы ресейдің боданы болу сияқты қаншама тағдыр тепкісін көрген халық. Шерхан Мұртазаның «кім біледі алдымызда қандай заман бар» деуі осынау зобалаңдарды терең білген тұлғаның ішкі қауіпі, ұрпағының ертеңіне деген орынды алаңдаушылығы деп санауға болады. Шерхан Мұртаза өз кіндік қаны тамған туған жерінің әр тасын сүйетін патриоты деп айтсақ артық болмас оның мына жазбалары соның дәлелі: «Біздің осы күнгі Түлкібас деп жүргеніміз шынында Түркібас. Батыс Түрік қағанаты кезінде Хан ордасы болған.

Сол Хан жаз жайлауын Мыңбұлақта (яғни қазіргі Жуалы) қоныстайды екен. Санжар Асфендияров өз кітабында ерте замандағы, жетінші ғасырдағы Қытай саяхатшысының әңгімесін келтіреді. Саяхатшы, монах Сюан Цзин Тараз шаһарының оңтүстік-батысында, алпыс фарсах жерде Мыңбұлақ деген өлке жатыр. Ит мұрны батпас қалың орман. Ханның күміс қоңыраулы еліктері жайылып жүреді екен. Оларды өлтірген адам дарға асылады екен дейді. Қазір сол Мыңбұлақта ол орман жоқ. Ең соңғы қалдығы өткен сұрапыл соғыс жылдарында отқа жағылып кеткен». Туған жердің табиғатына, тарихи атауына деген қысқа ғана ой-тұжырымдары арқылы көптеген мәселенің басын ашып кеткен. Ия жайқалған бір замандардағы орман қайда, отқа жағылған. Әрине отқа жақпаса қарапайым халық қақаған қыстың суығында тоңып өлу қаупі болған. Ол дәуірлер соғыс сұрапылында адамға деген қамқорлықтың жоғалып, барлығы да гитлерлік фашизмге қарсы жұмылдырылған заман еді.

Сондықтан да орманды шаптың отын еттің деп қазір ешкімді де кінәлай алмайсың. Тек Шераға айтқандай орманды қалпына келтіру қалған ұрпаққа аманат. Сол Бірі кем дүниесінде: «Қаралы Қарасу» деп аталатын тақырыпшамен жазылған тарихи эссе деп айтуға тұрарлық жазбасы бар, онда жазушы былай деп ой өрбітеді: «Кие қонған Әулие-Ата (Тараз) шаһарына қыбыла жақтан кіреберісте Қарасу дейтін бір бұлақ су ағып жатады. Тымырайған тарих. Сол тылсым тарихты сәл-пәл қопарып жіберсең, ар жағынан қаңқа сүйектер азынап, жамырап қоя бермекші. Жазықсыз жазаланғандар!. Ондай ортақ зираттар Астананың іргесінде де, басқа қалаларда да бар. Бірақ олар имантаразыланып, ретке келтірілген. Ал Тараздағы азап шеккендер зиратына әзір ондай ишара көрсетілген жоқ. Әйтпесе, дәл осы мүрделі орда Қадір, Қасымбек, Пірнә сияқты біздің ауылға іргелес Шанышқылы ауылының да азаматтары жатыр. Одан да бір ерекшелігі: осы Қарасу бойындағы «ортақ» орда көмілген азапкерлер арасында атақты ақын, композитор, хас батыр Иман Жүсіп жатыр деген болжам бар. Ол отызыншы жылдардағы Созақ көтерілісінің басшыларының бірі болған. Көтеріліс күшпен басылғанда, Иманжүсіп НКВД қолына түсіп, атылып, Қарасу бойында қалған деген еміс-еміс дерек бар. Жаратқан Құдірет имандарын берсін» [15]. Мінеки Ш.Мұртазаның қолымен жазылған тарихи деректер. Мұртаза бұл қысқа жазбасында сонау қазақ халқы үшін Сталиндік зұлмат заманында алысып өткен, халқы үшін құрбан болған қайраткер Тұрар Рысқұловтан бастап, заманымыздың заңғар жазушысы атанған Шыңғыс Айтматовтың әкесі көпшілікке беймәлімдеу Төреқұл Айтматов турасында да тарихи мәліметтер шетін шығарып кетеді. Сонымен бірге Ш.Мұртаза Созақ көтерілісі басшыларының бірі болған деп атақты тұлға қазақ халқының біртуар ұлдарының бірі болған Иманжүсіп турасында да жаңа бір мәліметті алға шығарады. Тарихшылар мен зерттеушілерге тосындау тақырыптың зерттеу нысаны ретінде көлденең тартады. Шерхан Мұртаза тек тарихи құбылысты ғана жазып қоймайды сонымен бірге оларды мәңгі есте қалдыру қажеттігі турасындағы әлеуметтік мәселерді де қозғап, жергілікті басшылыққа мәселені тікесінен қояды. Сонысымен де халық қалаулысы ретіндегі ел аманатын да қатар атқарады. Осы «Бірі кем дүниесінде» Ш. Мұртаза Әлихан Бөкейхановтың ойларын мысал етіп айтады. Ия Әлихан Бөкейханов: «Кісі өлім мен тонаушылық пайда бола бастады, бұл әрекетке бұрын-соңды момын қазақтар да араласа бастады. Ал бұған дейін қазақтардың орысты өлтіруі ойға келмейтін нәрсе еді.

Мұндай қайғылы оқиғамен қатар қазақтар да орыстар да қатар айтып жүрген қазақтар кедейленіп бітті деген сөз. Жерді пайданудағы тықсыру, қазақтарға әрдайым жарамсыз жерлердің тиюі. Мал жайлымына мүлде жарамсыз тақыр жердің тиюі кедейлену себептерін осылай түсіндірген дұрыс шығар» деп жазады [5]. «Бірі кем дүниесінің» ішінде «Ұстаз» деп аталған қысқа жазбасында қаншама тарихи мәлімет жатыр. 1937 жылдың қуғын сүргіні басынан бір кісідей өткерген тұлға Мұхамеджан Қаратаев турасындағы оның қайғылы тағдыры, оны сонау Сібір жеріне іздеп барған аяулы жарының ерлігі бір кездегі декабристердің әйелдерінің ерлігінен несі кем? мұның өзі зерттеушісін күтіп тұрған тарихи тағдыр емес па. Ал Ш. Мұртаза М. Қаратаевпен бірге жұмыс жасап бір столда отырған тірі куәгер, бұл аңыз емес ақиқат дүние. Ш. Мұртазаның тағдырының өзі қазақтың тарихымен тұтасып кеткен.

Оның бір дәлелін мына «Бірі кем дүниесінде» ол былай дейді: «Әкем Мұртазаны, ауылдағы тағы бес-алты кісіні 1937 жылдың желтоқсанында бір түнде тұтқындап, Борандының түрмесіне апарып қамап тастады. Қамалғандардың жұбайлары жиналып, Борандының абақтысына барсын. Анам Айша мені де ілестіріп алған. Барсақ, түрме есігінің алдында мылтығын шошайта ұстап, шошақ бас бөрік киген, көзі іріндеген, ұзын бойлы қарауыл тұр. Ешкімді есік жаққа жолатпайды» [15]. Осыдан ақ Ш. Мұртазаны бес жасынан бастап кеңестік зұлмат саясаттың құрбаны болған әкесінің тарихи тағдыры оның ойын бөліп ерте есейткен. Алыс Мәскеуге барып білім алып, азамат болып қалыптасуына, қайраткер тұлғалық тұрғыдан ойлап әрекет жасауға халықтың қамын ойлайтын шыншылдыққа тура қарайтын, тіліп түсетін қасиетін дарытқан сынды. Қыршын қиылған әке аманаты оның мойнына ерте бастан ел жүгін, орындалмаған армандарды орындау

сынды аманат жүгін артқан. Сондықтан да Ш. Мұртаза басқадай жолмен жүруге тиіс емес еді, оған адамгершілік ары мен әрауқтар алдындағы азаматтық борышы жібермеген, бір сәтке де бұл жолдан таймай халық мүддесін көздеген қайраткерлік бағытынан айнымаған. Шерхан Мұртаза өзі аса зор ұйымдастырушы қырын да көрсете білген тұлға. Бұл тұрсында «Қазақ журналистикасы» атты еңбекте былай деп көрсетілген «Лениншіл жаста» шығармашылық ортаны қалыптастырушы басты ұйытқы-редактор Шерхан Мұртазаның өзі болды. Бұрын – соңды кездеспеген жаңаша бастау, өзгеше оқиға өрбіту, тың тақырыпты қою, соны соқпақтар іздеу талаптарын редактор Шерхан өзіне де өзін қоршаған басқа қаламгерлерге де қоя білді» [16]. Қазақ тарихшылары Ж.Б.Әбілғожиннің, М. Қозыбаевтың, М. Тәгімовтың Қазақстандағы 30-шы жылдардағы ұжымдастыру қасіреті мен аштық туралы мақалалары жариялана бастады. Ш. Мұртазаның, С. Елубаевтың, С. Жүнісовтың публицистикалық пьесалары қоғамдық сананы бір сілкініп тастады [17]. Шерхан Мұртаза «Қазақстан жері миллиард адамды асырай алады» деген мақаласында Қазақстандағы мал басының күрт кеміп кеткенін қынжыла жазады. (Мұртаза, 2002: 808). «Қазақстан қазба байлықтары 10 триллион доллар» деп аталған мақаласында Мұртаза Қазақстанның бүкіл қазба байлықтарының әлемде алдыңғы орындарда екенін санамалап шығады. Басқасын былай қойғанда біз Вольфрам, қорғасын, барий қорынан дүниежүзі бойынша 1 орын, ал алтыннан – 6 орын, газ қорынан 9 – орын мұнайдан 13 – орын алады деп көрсетеді. Ал бұл дегеніміз әлемде 186 мемлекет болса соның ішінен суырылып шығып алғашқы ондықтағы мемлекеттердің қатарында болу деген сөз. Бір сөзбен айтқанда Қазақстанның қазба байлығы ораса зор.

Біз бұл жөнінен ғаламат бай мемлекетпіз деген пікір айтады Шерағаң. «Каспий жағасындағы құрлықта 2,2 миллиард тонна, ал су астында («шелф!») 4,5 миллиард тонна мұнай қоры жатыр. Осы жерден ғасыр аяғында 50, келесі ғасырда 100 миллион тоннаға дейін мұнай шығаруға болады» [7]. Шерағаң бұл жерде кәдімгі мұнай саласында жұмыс жасап жүрген мамандарша келешекке болжам жасап отыр. Сонымен қатар біздің мемлекеттің дұрыс басшылық жасалынса қандай орасан потенциалы бар ел екенімізді паш етіп жатқан сынайы бар.

Ш.Мұртазаның «Алтын сандықтың кілті кімде» Камалға хат деген мақаласында К.Смайловтың пікірлеріне сыни тұрғыдан қараған бола отырып ол еліміздің келешегіне алаңдаушылық білдіреді. Оны осы мақаладағы Қарағанды шахталары ағылшындардың қолында, Байқоңырдағы қазақтар Ресей азаматтығын алмаса жұмысқа алмай жатқан көрінеді» т.б ащы шындықтың алдаспаны сияқты пікірлерін көреміз. Одан әрі Шерағаң Қазақстандағы тіл мәселесіне де алаңдаушылық білдіріп телеканалдардың басым көпшілігі орыс тілді екені, тек Хабар, Қазақ ТВ ғана қазақша болып тұр деп дабыл қағады. Сәбилеріміздің тәрбиесіне де батыстың әлдеқашан жеріп тастаған тастанды көрсетілімдері таңылып ұлттық қасиетімізден, ана мектебінен алшақтатуда дегенді өзіне тән дауылпаз үнімен тағы бір жар салып өтеді. Жалпы алғанда Шерхан Мұртазаның тағдыры тарихи оқиғалармен біте-қайнасып кеткен. Ол өзінің «Сталинмен қоштасу» деген әңгімесінде «халықтар көсемі» өлгенде Мәскеуде бірге оқитын досы екеуі онымен қоштасуға қалай барғаны, сондағы сендей соғылысқан халықтың біріне-бірі соқтығысқан құлап мертліккен жағдайын суреттейді [11]. Ия өзінің Сталин өлгенде де көзінен жасы шықпағаны, әйтседе ауылдан алған хатты оқығанда, анасының хаттан оқығанда көзінен жас парлап аққанын жазады.

Жалпы Ш.Мұртазаның Мәскеудегі жастық шағы да оңай болмаған, жоқшылықпен күрес, студенттік өмірін қиын етіп өткізген. Осы аталған «Сталинмен қоштасу» атты әңгімесінен біз Ш. Мұртазаның әкесі Мұртаза 1937жылы халық жауы атанып сотталып «Далнии Востокта» Зея деген өзеннің жағасында ағаш кесіп жатқанда қарағай құлап мерт болғанын білеміз. Ш. Мұртаза 1994 жылы Ресей әскері Шешенстанға жаппай шабуыл бастағанда Жоғары Кеңестің депутаты болып тұрған. Сондағы мәжілісте Мұртаза, Салман Героев және Жасарал Қуанышалин үшеуі Ресейдің бұл соғысының жақсылыққа апармайтынын айтады. Сонымен қатар Ресей думасына Үндеу хат қабылдайық деп ұсыныс

айтқан. Әйткенмен депутаттардың басым көпшілігінің енжарлығынан бұл ұсыныс аяқсыз қалып қолдау таппайды. Ресейдің осы соғысын Шерағаң өз мақалаларында батыл сынады, қаншама адамның жазықсыз қаны төгілгенін, азаттық аңсаған шешен халқының жай-күйін «Түбіріне үңіл» деп аталған 1996 жылы жазған мақаласында қынжыла жазады. Ол Ресейді орыс халқын емес сол соғысқа мүдделі болған чиновниктерді, лауазымды тұлғаларды осы мақаласында қатты сынға алады. Бұл мақаласында да шындықтың алдаспанындай жарқылдаған асыл жан халықтың енжар позиция ұстануын айыптап, сонау бір жылдары алаш зиялылары айтып кеткен «оян қазақ» деген ұранды сөзді, өз мақаласында білдіріп, ел тыныштығы болсын деген халықтың жайбарақат үнсіз жатқанын ашына жазады [15]. Шерхан Мұртаза елімізді жаңа тәуелсіздік алған тұста Жоғарғы Кеңестің депутаты болып сайланды. Сол кезеңдерде қаншама тартысты мәселелер турасында қаны қызып дау дамайға араласқаны, қазақтың тілі үшін, тәуелсіздік үшін кейбір өзге ұлттың өкілдерімен кереғар пікір таласына түскенін оның «Тәуелсіздік толғауы атты» мақаласынан да көруге болады. Тәуелсіздік туралы заңның өзі қандай қиындықпен қабылданғаны осы мақаладан да көрінеді.[18] Шерағаңды тағы бір толғандырып оның өткір публицистикалық жазбаларына арқау болған мәселелердің бірі бұл - жер мәселесі. Ол кісі бір кезде республика басшыларының Кремльдегі Хрущев сынды озбыр басшылардың асыра сілтеуімен көршілес Өзбекстанға өтіп кеткен, оңтүстіктегі кереметтей шұрайлы да сулу табиғаты бар Бостандық ауданының жайын жазуы да отаншыл жанның өз жері үшін қинала жазған жан айқайын білдереді. Бұл турасында тарихшы- профессор С. Жолдасов былай деп жазады «Бұл жөнінде белгілі қоғам қайраткері, осы өңірдің сүйікті перзентінің бірі Ш.Мұртазаның «үш ауданның мүйізі мен тұяғы қайтып, тұтас тұлғасы Өзбекстанда қалып қойды. Ондағы қазақ халқы бөлініп кетті» деп сондай бір өкінішпен күйінішпен жазғаны белгілі [19]. «Жер ең алдымен халықтікі» дейді Мұртаза. Оның осы сөздері қазір іс жүзінде жүзеге асып қалталы жандардың бей-берекет алып тіпті пайдаланып та жарытпай босқа қалдырған жерлері мемлекетке қайтарылуда.

Мемлекет халықтың жерін халықтың игілігі үшін пайдалануы тиіс. Ш.Мұртаза мәдениет саласындағы олқылықтарға да сыни пікірін білдіреді, әсіресе жас ұрпақты улап жатқан түрлі жат жұрттық мәдениет сымақтарды ол кісі қатты шенейді. Оларға қарсы тұрудағы еліміздің басылымдарының қауқарсыздығына қынжылады. Жас ұрпақты улап жатқан мәдениет саласындағы миссионерлерді тоқтатуға шақырады. Қазақ тіліндегі хабарлар баспа сөз туралы заңда басқа тілдегі хабарлармен тең 50 пайыз болсын деп жазылған. Бірақ бұл заң орындалып жатқан жоқ дейді Ш. Мұртаза, осы бағыттағы сайлаушылардың сауалдарын келтіріп елдің аманатын айтады. Шер-ағаң жемқорлыққа жаны қас жандардың бірі ретінде Қазақстанды өз жемқорларымыз жеп онымен қоса енді шетелдіктерде қанай бастады деп Тракатабел-сынды компанияларды мысалға келтіреді. «Шетелдіктердің басты мақсаты өз пайдасын табу олар біздің халқымызға жаны ашып келіп жатқан жоқ, сондықтан стратегиялық мәндегі нысандарды шетелге сатуды тоқтату қажет» деп ұлтжанды тұлға тағы да өз дауылпаз үнімен саңқылдайды.

Шерхан Мұртаза белгілі жазушы Бақытжан Момышұлымен әңгімесінде былай дейді «Мен сенің сыртқы ортадағы күресінді көріп тұрған жоқпын»- деп оған сынай қарайды: «Сыртқы майдан бүкіл ішкі күштерді жұмылдырады және қырағылықты жоғалтпауға алып келеді. Ол жаңа күрестерге ұмтылдыратын жігер береді. Зұлымдықтың күштеріне қарсы ізгілік үшін өзімен өзің шайқасу нағыз Ақ Жол, жихад сол. Мені ешнәрсе қорқытпайды, өйткені мені халқым жасаған, отаныммен сомдалғам, бірақ қара күштердің соққысына қасқая қарсы тұра білу үшін сыртқы атрибуттарды да жоғалтпауға тура келеді. Ал олардың құнын мен жақсы білемін, себебі мен тауда суық биікте таза жерде өскен тікенекті шыршадаймын. Оны кесіп алып түтінді қалаға алып келеді, оған түрлі жарқыраған жылтырақтар тағады, оның айналасында билейді, шаттанады, әндетеді, ал өмірдің мейрамы біткен соң қажетсіздіктен тастай салады. Бірақ ол тек жарқырап тұрған жоқ тікенектерін де қадап тұрды» [20] Бауыржан Момышұлының айтқан ой-толғауында ол тағы да былай деп толғайды:» «Менің жадымда менің әкем Мұртаза, қарапайым шаруа болды. Отызыншы жылдары ол бөтен жерде тайгада жерленді оның зиратын ешкім де таба аламайды. Маған

оның әруағы бөтен жерде концлагер аумағында адасып жүр- ау деген ой маза бермейді. Кейде маған оның әруағы туған ауылын іздеп тапқандай көрінеді, әруақтарға қашықтық бөгет жоқ деген ғой. Маған менің анам Айша мен әкемнің әруағы кездеспеді деп те өкінішпен ойланамын, кейде бірін-бірі сүйген жандардың әруағы міндетті түрде кездеседі деген сенім келеді. Мен бүкіл жасаған еңбегіммен ата-анама қарыздармын, демек барлық ата-бабама біздің ұлы бабамыз Көк Бөріге қарыздармын.

Біз өзімізге дейін ойлап тауып қойған заңдарды қайта ойлап табамыз, онымен өмір сүре алмайтынымызды сезініп тағы жаңа заңдар ойлап шығарамыз. Қол жеткізгенді қанағат тұтпаймыз себебі олардың халықты қанағаттандырмайтынын түсінеміз. Олардың өмірін жақсартпайтынын, ал керісінше күрделендіре түсетінін білеміз. Мұның бәрі ойлап табылған қиындықтар себебі кім табиғаттың мәңгілік заңдарымен санасып жатыр, халықтың мүддесі мен пікірін айтпағанда». Бұл Шерхан Мұртазанаң философ ретінде айтқан ой-тұжырымдары іспетті. Ол саясатшы ретінде мынадай ойларын айтады «Біз тіпті кез келген саясаттың негізі болатын қарапайым қағидаларды да асырау, сату, үйретуді ұмыттық. Қарапайым халық, қатардағы азамат жердегі заңды оқып үйренгісі де келмейді өйткені олардың шынайы орындалатынына сене бермейді. Кейбір көзі қарақтылар ғана өзінің қауіпсіздігі мен бас пайдасы үшін мұқият заңды оқуы мүмкін. Біз мас күйінде жасалған қылмыстың жасаған жанды жауапкершіліктен босатпайтыны қайта әрекетін ауырлартатынын білеміз.

Қара ниетті жан бір өзі үшін қоршаған ортасына орны толмас шығын әкеледі, осы арқылы өзін түпсіз тұңғыққа тастап жатқанын түсінбейді. Ол атқан жас киіктің кінәсі не? Ол кескен жас ағаштың кінәсі не? Құқықсыз ар-намысы тәлкек болған, аштыққа ұшыраған адамдардың кінәсі не? Олар таптаған ана тілінің кінәсі не? Олар сатып жіберген жердің кінәсі не? Әлде Жасағанның өзі оған жердің қою қанын ішуді, мұнайды жатжұрттықтарға сатуға құқық берді ме? Кім бізге тек өзімізді ойлап халық туралы олардың болашағы турасында ұмытуға құқық берді. Кім өз бабаларын, немерелерін, шөберелерін тонауға құқық берді? Жоқ бауырым мен талқандаушыларға түсіністік таныта алмаймын, бірақ бұл маған жаныма тыныштық бермесе де»-деп тұжырымдайды ойын Шерхан Мұртаза [20]. Шерхан Мұртаза руханияттың жанашыры ретінде елдің –жердің қамын ойлап талай жерге барып, талай өзекті мәселелердің басын ашып отырған.

Соның бір мысалы ол депутат кезіндегі Түркістанға сапары. Бұл өлкеге келгенде ол Қазақстан республикасы Жоғары Кеңесі Мәдениет, баспасөз, әлеуметтік ақпарат құралдары және қоғамдық ұйымдар комитетінің төрайымы Алтыншаш Жағанова бастаған делегация құрамында барады. Мақсаттары ЮНЕСКО тізіміне енген, әлемдік мәдени мұралардың қатарынан орын алатын елімізге белгілі Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің жай-күйін анықтап, өз көздерімен көріп танысу болған. Соған орай белгілі археолог Карл Байпақовты да өздерімен бірге қоса ала келген. Бұл көненің көзі рухани жәдігерімізге үкімет тарапынан талай қаржы бөлінсе де жөндеу жұмыстары оң нәтиже бермеген. Делегация келсе Түркиядан келген ағайындар мұнда біршама жұмысты еңсеріп тастағанының куәсі болып қалады. Осы жолсапардан оралған соң жазған мақаласында Шераға «Түптің түбінде – Түркістан Кентау аймағы жеке облыс болып Түркістан оның орталығы болуға әбден лайық» деп жазады [11]. Не деген көрегендік. «Қиындыққа қарамай қаржының тапшылығына қарамастан Түркістанның болашақ жоспарын қазірден қолға алған дұрыс» дейді «бұл мемлекеттік тұрғыдан көңіл бөлетін мәселе» деп ойын түйеді Шерхан Мұртаза. Бұл ойын 1994 жылы жазған екен. Қазіргі таңда Түркістан оңтүстік облыстың орталығына айналып, қала келбеті кереметтей жаңашаланып, жаңа жобалар арқылы құлпырып атына заты сай болып өзгергені баршаға аян. Бұл да болса осынау көрнекті тұлға сынды азаматтардың жиырма жыл бұрын еліміз жаңа тәуелсіздік алған кезеңдерде көрегендікпен айтып кеткен ой-пікірлерінің жемісі болса керек, бүгінде Түркістанның туристік әлеуеті артып еліміздің рухани орталығы болғаны мәлім. Шерхан Мұртаза Қазақстанның туы қандай болу керек деген мәселеде де шеттеп қалмай өз пікірін ашық білдірген. Оның пікірінше «Қазақстан туы көк аспан тәрізді көк түсті болғаны дұрыс сонымен қатар туда көк бөрінің бейнесі болу

керек дейді. Көк бөрі азаттықты аңсағанымыздың символы» дейді. Ия ой-пікір өте қисынды құрылған. Қазақ қаншама жылдан азаттықты аңсаған сол жолда қаншама батыр ұлдары шейіт болған халық. Сонымен қоса үш түрлі жолақтың түстерін де талдап оған мағына сыйғызып жазады. Шерхан Мұртаза Ақмола қаласының тарихи атауы қайтаруда да сол кездегі Целиноград аталған қала әкімі Браунның әрекетін сынап сауал жолдайды.

Бұл да болса Мұртазаның тарихи өзгерістердің бел ортасында жүріп оған әрдайым өзіне тән шыншылдықпен, бетке айтар батылдықпен сұрақты төтесінен қойғанын бағамдаймыз. Республика Парламентінде М. Горбачевтің «еліміздің бес облысын тың игеру кезінде Қазақстанға берілген» деген пікіріне байланысты Жоғарғы Кеңес мәлімдеме жасау керек пе жоқ-па деген мәселе болады. Бір қандас депутат тұрып Горбачев 2-ғасырдың Ұлы Тұлғасы деп өзеурейді. Сол сәтте Шерхан Мұртаза М. Горбачевтің қазақ халқына жасаған қиянатын санамалап ашып айтып оны қазақ халқы алдындағы қылмыскер деп атайды. Әсіресе оның Желтоқсанда алаңға шыққан жастарымызды қаніпезер қарулы жасақпен қырғызғаны, еліміздің басшылығына ұлты орыс Колбинді әкелгені, одан қалды қазақ халқына ұлтшыл деп таңба басқысы келгені, сонымен бірге бағзыдан ата-баба жерінде жатқан бес облысымызды Ресей сыйлаған деп арандатушылық сипатта сөз сөйлегенін жіктеп айтып шығады. Шындық үшін Шерхан шарболаттай кесіп түскен қасиетін тағы да көрсетеді. Шерхан Мұртазаның он алтыншы жылғы ұлт азаттық көтеріліс туралы пікірі де өте өткір. Ол пікірінде он алтыншы жылғы ұлт азаттық көтеріліске 80 жыл толуына орай пікірін келтіреді. Осы тақырыпқа қатысты мақаласында ол 1916 жылғы көтеріліс дегенде қазақ халқы тек Амангелді Имановты біледі. Ал Әбдіғаппар хан туралы мәлімет жоқ. Сонымен қатар Кейкі батыр туралы да екіншісі білмейді. Бұл батыр да Амангелдімен қатар халықты азат ету жолында құрбан болған. Жетісудағы Бекболат Әшекеев туралы да там тұмдап ғана халық біледі. Ал Меркі көтерілісі туралы оның басшысы Ақкөз батыр турасында бұл көтеріліске Тұрар Рысқұловтың да қатысқаны турасында біреу білсе біреу білмейтінін жазады. Сонымен қоса еліміздің әр түкпірінде болған көтерілістерді Альбан, Жетісу, Меркі көтерілістерін ұлт-азаттық көтеріліс ретінде дұрыс тарихи баға берілмей, бүкіл орыс халқына қарсы реакциялық көтеріліс болған деп қара таңба басқанын масқаралығын өте дәл кезінде көтереді. Ал елімізде шындығында қаншама ірілі-ұсақты ұлт азаттық көтерілістері болғанын тарихшылар қазіргі таңда жазып өздерінің бағасын берді. Шерхан Мұртаза бұл мәселені сол тәуелсіздіктің алғашқы жылдары өзекті түрде мәселе етіп көтерді.

Өйткені халықтың тарихи санасын, әсіресе жас ұрпақтың тарихымызды дұрыс түсінуі олардың ұлт азаттық көтерілістердің маңызын еліміздің тәуелсіздігі сан ғасырлық ата-бабаларымыздың қанымен жеткен қасиетті ұғым екенін біліп өсуі үшін қажет нәрсе. Шерхан Мұртаза өз күнделіктерінде де көптеген мәселеге қатысты жүрек түкпірінен шыққан өз ойларын жазады. 1991 жылы жазған күнделігінде Шерхан Мұртаза М. Горбачевтің тұсындағы Қазақстандық қайраткерлерді жазалау шаралары сынды солақай саясаттың құрбаны болған Асанбай Асқаровтың тағдырына терең алаңдаушылық білдіреді. Ол өз күнделігінде былай деп жазыпты: «9 тамыз күні Н.Назарбаев журналистермен кездесті. Достық үйі. Кітабы шыққан. «Әділеттің ақ жолы». S.Aqatai сияқтылар қыңыр - қисық сұрақтар қойды. Сөз соңында бір сәтке жолығып:

– Қырғызстанға бара жатсыз, жолыңыз болсын! Асқар Ақаевқа анау Асекең туралы бір ауыз сөз айтсаңыз, – дедім. – Айтамын, – деді жалтармай. Айналайын, әруақ қолдап, абырой арта берсін!

13.VIII.91.

12 тамыздың түнінде As.As. [Асанбай Асқаров] түсіме кірді. Босанған екен. Бір жыра жерді тегістеп жатыр. Ісін ондағаны шығар.

Бәрі бекер! Әуре! As.As. Орал таудың арғы жағына, Колбиннің отаны Нижний Тагильге айдалып кетті. Неткен сұмдық?! Неге Колбиннің еліне?

As.As. өліміне өте мүдделі бір құдіретті күш бар. Айтқаны болып тұр. Мәскеу билеп тұр. Қазақ, қырғыз президенттерінің де әлі жетпеді.

As.As. оңай өле қоймаса, әйтеуір бір шықса, сол «құдірет» құлайтын сияқты» [11].

3.XI.94

Құрметті Президиум! Құрметті депутаттар!

19 қарашада Алматыда казачествоның рұхсат етілмеген митингісі өтті. Ниеті бұзық. Қазақстан Ресейге Татарстан деңгейінде кірсін деді. Қазақстанның солтүстігіне ауыз салса, енді соншама үлкен Қазақстанды бірақ жұта салмақшы. Сөйтіп, біздің Конституциямыздың бел омыртқасын күйретті. Казачествоның отын көсеп жүрген депутаттар да жоқ емес. Головков, Галенко. Біз үндемейміз. Бұлар өршіп барады. Бір саяси баға бола ма, жоқ үндемей отыра береміз бе?

Бұл сөзді көпшілік қолдап, түс қайта талқылауға салмақ болды. Т.Тоқтаров, Э.Ғаббасов қарсы. Ж.Әбділдин соққы берді» [11].

II.95. Шешен соғысына жыл толды. Былтыр дәл сол уақытта соғысқа қарсы Парламентте ашына сөйлеп едім. Айтқаным келді – соғыс созылды. Өткен ғасырдағы Шәміл соғысынан сабақ алмаған содыр, сойқан сорлылар» (Мұртаза 2023: 344).

Өткен кезеңнің 60-90 жылдары Шерхан Мұртаза «Лениншіл жас» (Жас Алаш), «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» (Егемен Қазақстан) газеттері мен «Жалын», «Жұлдыз» журналдарында қызмет атқарып, қазақ халқының рухына дінгек болатын келелі – ғасырлық мәселелерді көтеріп келген.

Шерхан Мұртаза шығармашылық жұмыстарымен қатар Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі мен мемлекеттегі нығайту ісіне де өзінің зор үлесін қосты. Қазіргі заманның, қоғамдық өмірдің маңызды мәселелерін, ел, туған жер, қазақ тілі туралы мақалалар жазып, белсенділік танытты. Парламент Мәжілісінің депутаты болған тұста қазақ халқының мүддесін қорғаумен, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі туралы күресіп, еліміздің тәуелсіздігінің тұғырлы болуына үлкен үлес қосады.

Елімізге тәуелсіздік оңай келген жоқ. Тәуелсіздік қан төгіссіз оңай келген сынды, бірақ оны тәуелсіздікті сақтап қалу оңай болған жоқ. Біз осынау ғасырлар бойы аңсаған, ақындар өлеңдеріне арқау еткен тәуелсіздіктен айрылып алу қаупі үнемі төніп тұрды. Сол бір ел басына сын болған шақта Шерхан Мұртаза сынды тұлғалардың күрескерлік қарымының арқасында Қазақстан тәуелсіздігін баянды етуге қол жеткіздік. Шерхан Мұртаза Шешенстанға Ресейдің соғыс ашуын да айыптап Парламентте сөз сөйлеген. Сондықтан да күнделігінде де осы соғыстың созылғанын жазып, сол кезде өзін қолдамаған депутаттарды да сынайды. Сонымен бірге империялық пиғылдағы Ресей басшылығын өзіне тән батылдықпен сынап өтеді. Шерхан Мұртаза да соғысты. Бірақ ол өз халқы үшін қаламын қару етті, депутат болып сайланғанда депутаттық мінберінен соғысты. Халықтың мұңын – ашу ызасын Парламентке жеткізді. Үндемей қалған депутат болған жоқ, турасын айтып туғанына да жақпайтын депутат болды. Халық мұңын дауылпаздай саңқылдап айтқан халықтың шын мәніндегі өкілі болды. Елдің аманатын арқалады, ақтады.

Шерхан Мұртазаның шығармашылық жолындағы тарихының танымдық-тәрбиелік маңызы уақыт өткен сайын арта бермек. Себебі Ш. Мұртаза жастайынан Сталиндік зұлматтың салдарынан әкесінен айрылып жетім қалған, ар мен намыстан, қазақи иман, инабаттан нәр алған Айша ананың тәрбиесін көріп өсті. Содан ол балалық шақтан-ақ қазақы дәстүрде тәрбиеленіп, өмірдің ыстық-суығын ерте басынан кешірді, сол сындарлы кезде шынығып та ширап өсті. Журналист-жазушының өресінде этникалық идеяның мүдделенуі және келбеттенуі мен көзқарасы XX ғасырдың екінші жартысында түрлі саяси, идеологиялық, ұлттық шиеленістер мен оорыстың шовинизмінің асқынған шағында қалыптасты. Оның келбеті тұлғалық қасиетте, оның көзқарасы туған жердің тағдырымен, табиқаттың шындығында шындалып, тарихи оқиғаларда нақтыланды.

Оның өмірі жаңа саяси бетбұрыс пен әлеуметтік топтасудың кезеңдеріне толы. Қазақ жері түрлі саяси сынақ жүргізілетін алаңға айналдырылып, коммунистік партия басшылары өз әрекеттерінде заманының есепті пікірлерін саясатқа тетік етті. Сол ағымдар мен бағыттардың қарқынды тоғысында Шерхан Мұртазаның дүниетанымы жетіліп, тұлғасы сомдалды.

Қорытынды Шерхан Мұртазаның мұралары дәстүр сабақтастығын сақтай алғанымен құнды болып табылады. Жазушы өз еңбектерінде сол дәуірдің тұрмыс-тіршілігін, қоғамның әлеуметтік болмысы мен рухани салт санасын, дүниетанымын шебер көрсете алды.

Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» шығармасы 30-жылдардағы ашаршылықтың нәубетін, «Тамұқ» кітабы 1937-1938 жылдардағы зобалаңды ашып көрсеткен тұңғыш көркем шығарма болып табылады. Осы еңбектерге арқау болған тұлға – Тұрар Рысқұлов еді. Халық жазушысы Ш. Мұртаза тұла бойы халқына деген сүйіспеншілікпен, адалдық пен азаматтық намыстан жаралған Тұрардың бейнесін шебер сомдай білді. «Оян Тұрар!» деп басталатын «Қызыл жебе» жалынды үнімен «Оян, қоғам!» деп тұрған іспетті. Тұрар Рысқұловтың халыққа жасаған еңбегі зор болса, Шерхан Мұртазаның да оны «тірілтудегі» еңбегі зор.

Қоғам ұдайы өзгерісте болады. Оны өзгертетін тұлғалар. Шерхан Мұртаза сондай тұлғалардың бірі. Мұртаза кешегі сталиндік қоғаммен алысып өткен Тұрар Рысқұловтың, фашизмнен дүниені қорғап қалған Бауыржан Момышұлының Тәуелсіз Қазақстандағы жалғасы болды. Ол қазақтың тәуелсіздігін қорғау үшін күресті. Аға буынның аманатын абыроймен қорғап, орындады. Шерағаның әкесі Мұртаза 1937 жылы құрбан болған репрессия құрбандарының жиынтық бейнесі іспетті болса, анасы Айша сол дәуірдегі жесір аналардың символы іспетті. Біздің дәуіріміздің Айша-Бибісі, Домалақ анасы болды. Жесір бола жүріп, қыршын кеткен ерлерінің көзіндей болған ұрпақтарын сақтап, сол ұрпақтың халық қамын ойлайтын қоғамды өзгертетіндей пікір қалыптастырған тұлға дәрежесіне көтерілуіне жеткізді. Шерхан Мұртаза Тұрар Рысқұлов бейнесі арқылы «Жұлдыздарға көпір салса», «Ай-мен Айшасы» арқылы өр рухы сынбай айға қол созған қазақтың қайсар жесірлері мен жетімдерінің бейнесін сомдады. Шерхан Мұртаза үн қоспаған қазақ қоғамының дерті жоқ десе де болады. Шерхан Мұртазаның тағы бір қоғам қайраткері ретінде көтеріп өз мақалаларына арқау еткені елдегі Ресей полигондарынан атылып жатқан ракеталардың зардабы. Еліміз тәуелсіздік алғанымен Ресейдің Капустин Яр сынды полигондарынан атылып жатқан ракеталар қисық кетіп батыс өлкесіндегі Атырау халқына тиігізіп отырған қауіпті сойқаны соның салдарынан құрбан болған жандардың отбасы мүшелерінің көз жасы. Ия бұл мәселе әсіресе Тайсойған деп аталатын жердегі халықтың ракета жарылысынан адам шығыны, жерге, малға тиігізіп отырған радиациялық зардаптар Шерханның тек қаламынан ғана емес тікелей әрекетімен де оның қайраткерлік ерен ерлігін көрсетеді. 2000 жылы Қазақстандағы Нарын, Тайсойған, құмдары, сонымен бірге Балқаштың батысындағы Сары шаған аймағы полигондары олардан Гептил сынды аса зиянды улы заттың түсіп қоршаған ортаға у шашып жатқаны мәлім. Осыған байланысты 2000 жылы Шерхан Мұртаза бастаған біраз депутаттар Ресеймен келісім-шартты талқылағанда Парламентте қарсы шыққан. Бұл шарттың мазмұнын қысқаша төмендегіше:

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығының объектілері мен жауынгерлік алаңдарын жалдау туралы шарт

Бұдан әрі тиісінше Жалға беруші мен Жалға алушы немесе Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі, 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығын (Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан объектілер мен ұрыс алаңдарын) пайдалану тәртібі туралы келісімді (бұдан әрі - Келісім) негізге ала отырып,

929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығының (бұдан әрі - 929 ГЛИЦ) эксперименттік-сынақ және әлеуметтік-мәдени әлеуеті мен инфрақұрылымын сақтауға, пайдалануға және дамытуға өзара мүдделілігін ескере отырып,

9-бап

Жалға алушы мен Жалға беруші осы Шарт күшіне енгеннен кейін екі ай мерзімде 1992 жылдан бастап Полигон қызметінің ықтимал келеңсіз экологиялық салдарларының

көлемін, ал олар болған жағдайда - осы салдарларды Жалға алушының есебінен жоюдың әдістері мен мерзімдерін айқындау үшін Тараптардың уәкілетті органдарының өкілдерінен бірлескен комиссия құрады. Жалға алушы орындайтын жұмыстар кезінде нысаналар, сынақ аппараттары, зымырандар немесе олардың бөлшектері Полигон аумағынан тыс жерге құлаған жағдайда соңғысы толық жауапкершілікте болады және егер көрсетілген оқиғалар Жалға алушының кінәсінен болса, Жалға берушіге келтірілген нақты залалды өтейді.

10-бап

Жалға беруші:

Жалға алушының Келісімде көзделген тәртіппен келісілген жоспарлар мен кестелерге сәйкес Полигонды нысаналы мақсаты бойынша пайдалануын; Жалға алушыға шарттық негізде электр энергиясын, азық-түлікті, Қазақстанда өндірілген басқа да материалдық ресурстарды жеткізуді Қазақстан Республикасында өзінің Қарулы Күштері үшін қолданылатын бағалар мен тарифтер бойынша Полигонның және оның персоналының жұмыс істеуі үшін қажетті көліктік, тұрғын үй-коммуналдық, білім беру және өзге де қызметтер көрсетеді.

Астана, Ақорда, 2016 жылғы 22 ақпан. №459-V ҚРЗ

Бірақ көптің аты көп бұл азаматтардың азаматтық позициясы қолдау таппай келісім-шарт полигондардың жұмысын жалғастыруын көпшілік дауыспен қолдап жібереді [21].

Бірақ Шерхан Мұртаза қазақ қоғамын түбегейлі жақсартып немесе өзгерте алмады. Өйткені оның да мүмкіндігі шектеулі еді. Әрбір тұлға өз мүмкіндігі шегінде әрекет жасайды. Шерхан Мұртаза да солай. Өзінің өкілеттігі оған берілген «Халықтық мандаттың» шегінде әрекет жасады. Абай айтқандай «қазақты өзгерту үшін өте үлкен билігі» болмаса да ол билігі жетпеген жерге қаламын қару етіп өз шығармаларымен, қаламы жетпеген жерге депутаттық мінбеден берілген өлшеулі уақытын пайдаланып қажымай-талмай күресті. Ұрпаққа үлгі боларлықтай шығармалар қалдырды. Шерханның шығармаларында тұтас дәуірдің тарихнамасы жатыр. Халық Тұрардай ұлы тұлғаны Шерханның қаламы арқылы танып білді. Шерхан өз қызметі арқылы журналист қандай болу керек, халық қалаулысы депутат қалай болу керек, жазушы қандай болу керек екенін көрсетіп кетті. Қорыта айтқанда Шерхан Мұртаза есімі қазақ халқының тарихында мәңгі жазылған тұлғалардың бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Хук Сидни *Большая советская энциклопедия: [в 30 т.]* – 3-е изд. – М.: Советская энциклопедия, 1969-116с
2. Лабриола А. *Очерки материалистического понимания истории*. М.: Госполитиздат 1960. - 183с
3. Неру Дж. *Взгляд на всемирную историю: в 3 т. Т. 3* М.: Прогресс.1977-71с
4. Гуревич А. Я. *Об исторической закономерности*. В: Гулыга, А. В., Левада, Ю. А. (сост.), *Философские проблемы исторической науки*. - М.: Наука 1969. – 116 с.
5. Бөкейхан Ә. *Шығармалары-Сочинения I т* Астана «Алашорда» Қоғамдық қоры,2018-338бет
6. Қойгелдиев М. *Алаш қозғалысы: Монография. Екінші кітап/М. Қойгелдиев* – Алматы: Мектеп, 2017-656 б.
7. Мұртаза Ш. *Жеті томдық шығармалар жинағы-Алматы: Қазығұрт., 2006 Т7-400бет)*
8. *Түркістан облыстық қоғамдық саяси тарихи архиві - Шымкент қ. 1-қор, I-т, 600-іс, 45-п.*
9. Сұлтанов Қ. *Тәуелсіздік толғамдары Жинақ /Алматы.*» «Нұрлы Әлем» 2020.488бет
10. Мұртаза Ш. *Луна и Айша. роман –эссе.перевод Г.Нурбекқызы.Астана: Аударма, 2009-488стр*

11. Мұртаза Ш. Ауылды сені сағынам. Шерхан Мұртазаның студент шағындағы хаттар және кейінгі жылдары жазылған пьесалары, әңгімелері және күнделіктері Алматы, Darmen Medi баспасы-2022-272бет
12. Новосибирск мемлекеттік архиві-Ресей федерациясы. Ф.47. Оп.1. Д.2006. Л52-53
13. Қазақстан Республикасы партиялық архиві Ф.141. Оп4. Д.719. Л271-278
14. Ресей Федерациясы Орталық мемлекеттік архиві-Ресей федерациясы ф. 5451, оп. 12, д. 212, л. 283.
15. Мұртаза Ш. Бір кем дүние. 1-2 кітап. - Тараз: ТИГУ баспаханасы, 2019. - 288 б
16. Омашев Н.О. Қазақ журналистикасы 3 томдық Жалпы ред басқарған Н.О.Омашев 1-т: Қазақ Баспасөзі-Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008-352бет
17. Қыздарбеков. Б. Қазақстанның қазіргі заман тарихы (Кеңес дәуірі 1917-1991жж) Оқулық-Қарағанды, Medet Group ЖШС. 2019-254-бет
18. Құланбай Ә. Тәуелсіздік. 1991-2011 жылдары Егемен-Қазақстан газетінде ел тәуелсіздігі тураыл жарияланған мақалалар, сұхбаттар, сараптамалар, өлеңдер құраст. Әлісұлтан Құланбай Астана-2011, 980б
19. Жолдасов С. Шежірелі оңтүстік. Көне заманнан бүгінге дейін Қаз ақпарат 2002-234бет
20. Момышұлы Б Сыновья Великого Волка-Алматы: Өлке, 2004-480
21. Назырбаев Қ. Ш. Мұртаза Ақындар мен әкімдер Мақалалар, эсселер, публицистикалық толғамдар (құраст. Қ. Назырбаев) Астана: Елорда, 2002-808бет

References:

1. Hook Sidney The Great Soviet encyclopedia: – v 30 Vol.] -3- e izd. - M.: Soviet encyclopedia, 1969-116 P
2. Labriola, A. essays on materialistic ponymania of the East- Rii. - M.: Gospolitizdat 1960. – 183 s
3. Nehru J. Looking at the entire history: in 3 T. T. 3 m.: about- Gress. 1977-71 P
4. Gurevich A. ya. about historical law. B: Noise- Ga, A.V., Levada, Yu. a. (Sost.), Philosophical problems of history nauki. M.: Nauka 1969. - 116 P
5. Bokeikhan A.-Sochinenia I T Astana Public Foundation" Alashorda", 2018-338page
6. Koigeldiev M.. Alash movement: monograph. Second book / M. Koigeldiev - Almaty: School, 2017-656 P.
7. Murtaza Sh Seven-volume collection of works - Almaty: Kazygurt., 2006 T7-400 P
8. Turkestan regional socio-political historical archive - Shymkent, Fund 1, T. 1, case 600, P. 45
9. Sultanov St., the collection of reflections of Independence – Almaty: "Nurly Alem" 2020. - 488 page
10. Murtaza Sh Luna and Aisha. novel-essay. "I don't know," he said. - Astana: translation, 2009-488 P.
11. Murtaza. I'll miss you in the village. Letters from Sherkhan Murtaza in student small and plays, stories and diaries written in subsequent years – Almaty: Darmen Medi publishing house-2022-272 P
12. Novosibirsk State Archive-Russian Federation. F. 47. Op.1. D.2006. L52-53
13. party archive of the Republic of Kazakhstan F. 141. OP4. D. 719. L271-278
14. Central State Archive of the Russian Federation-Russian Federation F. 5451, op. 12, d. 212, L. 283.
15. Murtaza Sh. one less world. Book 1-2. - Taraz: Tigu printing house, 2019. - 288 P
16. Omashev N. O Kazakh journalism in 3 volumes led by N. O. Omashev 1-t: Kazakh Press - Almaty: Taimas publishing house, 2008-352 P
17. Kyzdarbekov. B. modern history of Kazakhstan (Soviet era 1917-1991) textbook- Karaganda, Medet Group LLP. Page 2019-254

18. Kulanbai A. *Independence. In 1991-2011, articles, interviews, reviews, poems were published in the Sovereign Kazakhstan newspaper about the independence of the country. Alisultan Kulanbay Astana-2011, 980 P*

19. Zholdasov S. *genealogical South .Kaz information from ancient times to the present 2002-234 page.*

20. Momyshuly B *Criticism Of The Great Wall - Almaty: Region, 2004 - 480 P.*

21. Nazyrbayev K. Sh. *Murtaza Akyns and akims articles, essays ,journalistic articles (compost.K. nazyrbayev) Astana: the capital, 2002-808 P*